

## Әдебиет, өнер және сәулет саласындағы 2004 жылғы Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыйлықтарын беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 14 желтоқсандағы N 1314 Қаулысы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Әдебиет, өнер және сәулет саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлықтары жөніндегі комиссияның ұсынысын қарай келіп, Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әдебиет, өнер және сәулет саласындағы 2004 жылғы Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыйлықтары мыналарға берілсін:

Төлен Әбдіковке, прозашы - "Парасат майданы" повесі үшін;  
Алтынбек Қоразбаевқа, сазгер - 1999-2003 жылдардағы концерттік бағдарламалары үшін ;

Роза Қуанышқызы Рымбаеваға, Қазақстан Республикасының халық әртісі - 1999-2003 жылдардағы концерттік бағдарламалары үшін;

Ақселеу Сейдімбекке, өнертанушы - "Қазақтың күй өнері" монографиясы үшін;

Ерболат Тоғысбайұлы Төлепбайға, суретші - 1999-2003 жылдардағы шығармашылық еңбектері үшін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*